

Накышов Н.Н.,* Тлеулов Б.Э., Спабеков А.У.

з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Автор корреспондент: nuridin60@mail.ru

Түйін: Ал БҰҰ-ның келесі негізгі мекемесі Қауіпсіздік Кеңесінің де Жарғының 24-бабына сәйкес басты өкілеттілігі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болғандықтан осы мақсатта жалпылай кең көлемде адам құқықтарын қорғау мәселесімен қиылысып жатады. Осындай жағдайдың алдын алу қажет болған жағдайда, БҰҰ жағынан күш қолдану шараларын пайдалануда Қауіпсіздік Кеңесі Жарғының 39-бабына сүйенеді. Жарғыға сәйкес, Бас Ассамблеяға бағынышты мемлекетаралық мекеме ретінде құрылған Экономикалық және әлеуметтік кеңес те адам құқықтары мәселесімен айналысып, мүше мемлекеттерге ұсыныстар жасауға құқылы. Сонымен бірге жеке мекемелер мен арнайы агенттіктердің жұмысын барлық салада үйлестіруге жауапты. Кеңес пен оның көмекші мекемелері кеңесші органдарда үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын қамтамасыз етеді. 1946-1948 жылдары Кеңес адам құқықтарына қатысты бірнеше түйінді институционалды шешімдер қабылдаған. Соның бірі – Жарғының 68-бабы негізінде Адам құқықтары жөніндегі Комиссияны құру. Бұл Комиссияның ең алғашқы табысы адам құқықтары туралы халықаралық билікті дайындау болды. Сол жылғы әйелдер құқықтары мен дәрежесіне қатысты мәселелерді қараған субкомиссиялар жұмысына да Кеңес жауапты еді. Сайып келгенде Экономикалық және әлеуметтік комиссия әртүрлі адам құқықтарына қатысты мәселелерді, соның ішінде геноцид, нәсілдік жікшілдік, аз ұлтты халықтар мәселесін, еркін ақпарат мәжілістер мен жыл сайын адам құқықтары жөніндегі кітап шығаруды бекіту, Халықаралық еңбек ұйымымен ынтымақтаса отырып күштеп жұмыс жасатуға жол бермеу және еңбек құқықтарын қорғауды кәсіподақтар құру мәселелерін қорғайды.

Кілттік сөздер: Ынтымақтастық, ұйым, ТМД, ГУУАМ, ЕврАзЭС, мемлекет, экономика, заң, құқық, ереже.

БҰҰ-ның бейбітшілікті қамтамасыз етудегі немесе басқа да халықаралық деңгейдегі науқандарының ең түпкі мақсаттары – адам құқықтары мен еркіндіктерін қорғау болып табылатыны сөзсіз. Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары саласындағы жүйесі үш жыл көлемінде қалыптасқан еді (1945-1948 жж.). БҰҰ-ның Жарғысы бекітілгеннен кейін, институциональды деңгейде адам құқықтары саласындағы мәселелерге байланысты негізгі мекемелер мен арнайы агенттіктер құрылған болатын. Осы мекемелердің адам құқықтары мен еркіндіктерін қорғауды қалыпты қамтамасыз етуі үшін, адам құқықтары жөніндегі қосымша конвенциялар арқылы толықтыру көзделді. 1945 жылдың Сан-Францискиде (АҚШ) қол қойылған БҰҰ-ның Жарғысы - адам құқықтары мен еркіндіктерін баршаның тарапынан құрметтеу мақсатына негізделіп жасалынған алғашқы халықаралық келісім шарт. Халықаралық ұйым жағынан адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау идеясы, бірнеше ғасырлар бұрын, әлемнің әр түрлі бөліктерінде пайда болған «фэлсәфәлік» әлеуметтік және саяси қозғалыстар мен әртүрлі заңдық тұжырымдар негізінде туғаны белгілі. Алайда, көптеген себеп - салдарларға байланысты, ұзақ уақыт бойы қарапайым декларациялық үндеулермен шектеліп келді. Осыған қарағанда БҰҰ-ның Жарғысы өзінің үшінші тармағының бірінші бабында және 55-бапта «нәсіліне, жынысына, тіліне және діни сеніміне қарамастан, баршаның адам құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу, осы құрметті өзінің мақсатына жетудің негізі деп білу» ұйымның міндеті деп бекітеді. Жарғының инновациялық қалпы мақсаттарды қарапайым жариялаумен шектелген жоқ. Бұйрық рай күйінде жазылған 55-бап, «адам құқықтарын жалпының құрметтеуі мен сақтауын» қамтамасыз етуге БҰҰ міндетті деп көрсетеді. Осы міндетті орындау мүмкіндігі үшін Жарғы тарапынан БҰҰ-на нақтылы билік пен әдіс-тәсілдерін айқындап көрсетеді. Мұны негізінен үш тұжырыммен белгілеуге болады: «зерттеу», «тексеру», «құқық». Сайып келгенде, БҰҰ осы билік пен әдіс-

тәсілдер негізінде, ұйым шеңберінде жобаланған адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісім шарттарды, мүше мемлекеттердің бекітуіне ұсыныс жасау мүмкіндігіне ие болады. Осыған орай адам құқықтары саласында ұсыныс жасау - БҰҰ-ның басты құралы. Ұсыныстардың нақтылы келісім шарттардан айырмашылығы, олар мүше мемлекеттер үшін заңды міндеттеме күшіне ие емес.¹ Жарғының 56-бабын ескеретін болсақ, онда ұсыныстарды міндетті түрде жан-жақты әділ тексеруден өткізіп, оларға оң көзбен қарауды құптайды. Бұл бап адам құқықтары саласындағы мақсаттарға да жету үшін мемлекеттерді бірігіп немесе жеке түрде БҰҰ-мен ынтымақтасуға іс-әрекеттер жасауға міндеттейді. Керісінше жағдайда, БҰҰ –ның ұсыныстарын орындамау, 56-бапқа қайшы деген бас келісім жасалынған. Бұл бап апартеидтік жүйені қолдамау жөніндегі БҰҰ-ның қаулы-қарарлары кей жағдайда жеке мемлекеттер жағынан қолдау таппауының нәтижесінде жасалынған болатын. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның ұсыныс күйінде берілген нақтылы міндеттемелерінің өсуі қарапайым халықаралық заңдарды күшейте түскендігін атап өту қажет. Мұны 1948 жылы дүниеге келген «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» бірнеше тармақтарынан көруге болады.

Соған қарамастан, осы міндеттемелер БҰҰ-ның ұсыныстарына тек оң көзбен қарау керек дегенмен шектеліп қалмайды. Бұл міндеттемелер әр елдің өз әдіс-тәсіліне, ерекшелігіне сай адам құқықтары мен еркіндіктеріне байланысты ұлттық заңдарды сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де БҰҰ-ның басшылығынсыз-ақ дамыта түсуге міндеттейді. 56-бап адам құқықтары саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейте түсу үшін, мемлекеттердің біріге жұмыс жасауын қолдайды. Осыған орай бірқатар негізгі аймақтық ұйымдардың, яғни Еуропалық Кеңестің, Американдық Штаттар ұйымы және Африкандық Одақ ұйымы қызметтері адам құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға және қамтамасыз етуге арналған. Адам құқықтарына байланысты БҰҰ-ның заңды шаралар қабылдау мүмкіндігін Жарғы жоққа шығармайды. Мұндай шаралар әлемге қауіп төнген жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің де қаулы - қарарларында көрініс табуы мүмкін. Кең көлемде адам құқықтары бұзылған сәтте, соның салдарынан бейбітшілікке қауіп төнетін болса, Қауіпсіздік Кеңесі қандайда бір шешім қабылдайды. Жарғының 94-бабына сәйкес Халықаралық соттың да шешімі адам құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға арналуы мүмкін. Тек бүгінгі күнге дейін іс жүзінде сот көлемінде адам құқықтарына байланысты қаралған мәселелер өте аз.

Бұл даму – көптеген саяси және әлеуметтік себептердің нәтижесі: яғни, бұл қоғамның адам құқықтары жөніндегі беймазалануының өсе түсуі, демократиялану, отарлық жүйені жою және өзара байланыстағы алға басу, үкіметтік емес ұйымдардың рөлінің өсуі мен мемлекетаралық жарыстар. Сонымен бірге, БҰҰ тарапынан адам құқықтарын қорғау мүддесіне арналған ұлттық жоспарларды дайындау және жүзеге асыруы кезеңіндегі ықпалы ; ұлттық құқық қорғау институттарын құру және нығайту; ұлттық заңдар мен саясаттағы адам құқықтарын қорғау саласындағы дайындықта халықаралық үлгімен бірлестіріп жүйелеу әдістеріне қатысты ұсыныстар; әділеттілік жүйесін нығайту; немесе әрқилы кәсіптік топтарды адам құқықтары мәселесінде дайындауды ұйымдастыру жөніндегі көмектер жатады.² Ұлттар Лигасының жалғасы болып табылатын БҰҰ-ның одан басты айырмашылығы да, осы адам құқықтарын қорғау мәселесіндегі құрылысынан да ерекше көрінеді. Әсіресе өте маңызды ерекшелігі-көпжақтылығы мен БҰҰ жүйесінің табиғи қозғалмалығы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы осы халықаралық ұйымның көптеген институттары мен мекемелеріне адам құқықтары мәселесінің әр түрлі астарларын қарау құқықтарымен қоса кең көлемде өкілдік береді. БҰҰ-ның барлық негізгі мекемелері адам құқықтары саласында тікелей немесе қосымша рөлге ие болуда. Осы негізгі мекемелерге қосымша ретінде тек адам құқықтары мәселесіне қатысты арнайы мекемелер құрылған. Әлбетте, адам құқықтары мен негізгі

¹ Устав ООН и Статус Международного Суда. Нью-Йорк: ООН, 1994г.

² Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.

еркіндіктері жөніндегі мекемелер мен институттардың көптігіне қарай күрделене түсуі-адам құқықтары мәселесінің жан-жақтылығынан туған қажеттілік.

Аталған беделді халықаралық ұйымның құрылымына тоқталатын болсақ, адам құқықтары мәселесін естен бір сәт шығармайтын мекемелерінің ішіндегі ең бастысы да беделдісі – БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы (АБ) екендігін бәріміз де білеміз. Ал «қандай да болмасын мәселені қарап талқылауда» ол қашанда Жарғының 10 бабына сүйенеді. Жарғының 13-бабының 1-тармағына сәйкес, баршаның нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамастан бірдей адам құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруды Бас Ассамблея жан-жақты зерттей отырып, ұсыныс жасауға мүмкіндігі бар.

Техникалық деңгейде Бас Ассамблеяның ұсыныстары мемлекеттерді заңды түрде міндеттей алмайтындығына жоғарыда сараптама жасап өткен болатынбыз, соған қарамастан, Ассамблеяның қаулы-қарарының күшін бағалауда, мүше мемлекеттердің БҰҰ Жарғысының 55 және 56- бабына сәйкес негізгі міндеттемелерін, яғни БҰҰ-мен ынтымақтастықта іс-әрекет жасау керектігін ұмытпаған жөн. Осы орайда БА-ның ұсыныстарының мәтіні бұлтарыссыз, бірауызды келісім арқылы немесе ешқандай ала ауыздықсыз қабылданған сәтте - әсері өте күшті. Бұған мысал төменде жеке тармақ ретінде қарап өтетін, 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларацияны» еске сала кетуге болады.

БҰҰ-ның Жарғысының 75-бабына сәйкес міндетінде ешқандай нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан баршаның құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеуге арналған Халықаралық қамқор жүйесі құрылды. Сондай-ақ бұл жүйе де экономикалық және әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Жарғы негізінде бекітілген Халықаралық әділеттік сотының көмегі арқасында адам құқықтары мен еркіндіктері жөніндегі екі халықаралық келісім де заңдық күшіне ие болды. 15 тәуелсіз соттардан тұратын БҰҰ-ның бұл мекемесі адам құқықтарына қатысты тек біраз жағдайда ғана шешім қабылдағанымен, оның әр шешімдері түбірлі парықтардың негізін қалады. Адам құқықтарын қорғау мәселесінде сот жағынан дүркін-дүркін шешімдер қабылданған. Бұл мәселелерді соттың қарауы, оның шешімдері адам құқықтарына қатысты халықаралық заңдылықтарды айқындауда аса зор маңызға ие болып отыр.

БҰҰ-ның Жарғысы Хатшылықтың міндетін де қарастырған, оған басшылық етуге Бас Хатшы бекітілген. Бас хатшы ұйымның әкімшілік жетекшісі ретінде Бас Ассамблеяның, Қауіпсіздік Кеңесінің, Экономикалық және әлеуметтік Кеңестің және Қамқорлық Кеңесінің барлық мәжілістерінде осы мекемелерге байланысты өзіне берілген міндет көлемінде қызметін атқарады. Бас Хатшы ұйымның алғашқы кезеңінде адам құқықтарын құрметтеуге қатысты ақпараттарды және құқықтық қорғауды қамтамасыз етумен айналысатын әкімшілдік құрылымды бекіткен. Кейінгі көптеген жылдар бойы Хатшылық осы мәселеде өзінің басқаруын қалады. Адам құқықтары саласындағы ілгерілеу барысында Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның Жоғарғы Комиссиясын құрған болатын. Сайып келгенде БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген 68-бап, Экономикалық және әлеуметтік саласында да арнайы комиссиялар құруға өкілеттілік береді.

Сондықтан да, Кеңес өзінің бірінші сессиясында-ақ адам құқықтары жөніндегі комиссияны құруды алға қойды. Осы кезеңнен бастап бұл «орталық комиссия» деп аталып, құрамы әрқайсысының өз жеке міндеті бар 9 мүшеден тұратын болды. Орталық комиссия Кеңеске жіберген өзінің баяндамасында комиссияның барлық мүшелері үкіметтік емес өкілдер ретінде әрекететуін ұсынғанымен, Кеңес жағынан қолдау таппайды. Кеңес өзінің екінші сессиясында Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрамында Кеңес сайлаған БҰҰ-на мүше 18 мемлекеттің әрқайсысынан бір өкіл болуға тиіс деп шешеді. 1946 жылғы Экономикалық және әлеуметтік Кеңестің бірінші және екінші сессиясының шешімі бойынша Комиссия :

- халықаралық құқықтық билльге
- азаматтық еркіндіктерге, әйелдер мәртебесіне, ақпарат еркіндігіне

- аз ұлттарды қорғауға
- нәсілдікке, жынысқа, тіл мен дінге қатысты жікшілдікті жоюға
- тармақта қамтылмаған адам құқықтарына байланысты басқа

да мәселелерге сәйкес Кеңеске баяндама, ұсыныс беруге құқылы мандатқа ие болды. Сонымен бірге Кеңес комиссияға арнайы салада үкіметтік емес сарапшылардың жұмысшы тобымен немесе жеке сарапшылармен байланыс жасауға құқық береді. Бұрын 18 мүшеден тұрған Комиссияның қатарында бүгінгі күні Кеңестің бөлуімен жағрафиялық бөлініске сәйкес 53 мүше бар. Комиссия жылына бір рет шақырылып, алты апта көлемінде жұмыс жасайды. Кейінгі уақытта «Комиссия заңды түрде міндетті болатын жағдайды қамтитын, ұзаққа арналған халықаралық келісімдерді дайындау мен бірге ұсыныс жасау ықыласында өз қолына алады». Ол 1947 жылғы келісім жобасымен жұмыс жасайды. Келісімдерді дайындау шешімі, кейіннен екі жеке келісімге бөлініп, Кеңес және Бас Ассамблеядан қолдау табады. Бұл келісімдер келесі бөлімдерге жан-жақты талқыланатын болады.³

Сондай-ақ Комиссия: жікшілдік, әйелдер жағдайы, аз ұлттарды қорғау, адам құқықтарының бұзылуы жөніндегі жеке арыздар мәселесімен айналысады. БҰҰ шектеулі ғана көлемде қабылдаған, жеке тұлғалардың шағым-арыздарына қатысты комиссия әрекеті әрқилы факторлармен шектеліп, халықаралық заңдардың ережелеріне сенімсіздік білдіре келіп, «қырғи-қабақ» соғыс кезіндегі саяси езгіден қауіптенеді. Осыған байланысты 1947 жылы Комиссия бірауыздан арыздарға қатысты ешқандай іс-әрекет жасай алмайтындығын мәлімдеді. Комиссия ұсынған ережесі бойынша және 1947 жылы Кеңестік бекітуіне байланысты Комиссия мүшелері арасында құпия тізімге бөлумен ауыстырылды.

ЭКОСОС 1946 жылы ақпан айында Әйелдер жөніндегі комиссияны, өз қалауларымен әрекет жасайтын сарапшылардан тұратын, адам құқықтары жөніндегі комиссияның бөлімшесі ретінде құруды ұйғарды. 1946 жылы шілде айындағы Кеңестің 2-ші сессиясында оған мемлекетаралық Комиссия дәрежесін беріп, тек Кеңес алдында ғана есеп беруді жүктеді. Үкіметтік емес ұйымдардың мүдделі ұсыныстары Комиссия жағдайын көтеруде маңызды рөл атқарады, тек көпшілігі Комиссия негізінен үкіметтік емес болуға тиіс деді.

ЭКОСОС қаулы-қарары комиссияға әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік және білім беру саласындағы құқықтары мен жедел мәселедегі ойлары жөніндегі ұсыныстары мен баяндамаларын дайындауды берді. Бірінші сессиясындағы берілген ұсынысына сәйкес ЭКОСОС әйелдердің азаматтық құқықтарын қосу арқылы Комиссия құқын кеңейтті.

Әйелдер құқықтарына байланысты жедел мәселелердің бірі-ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті сақтауға жету, сол ретте Комиссия осыны іске асыру жолын көрсетуге тиіс екендігін Кеңес ашық мәлімдейді.

Комиссия мүшелерін, үкіметтік сарапшыларын, Кеңес сайлайды. Басында 15 адамдық мүшелік қазір 45 мүшеге жетті; мүшелер Кеңес пен адам құқықтары жөніндегі Комиссияны басқаруды сайлағандай, жағрафиялық белгіге қарай сайланады. Комиссия жылына бір рет сессия шақырады деп шешілген. 1974-1989 жыл аралығында бұл сессиялар екі жылда бір рет өткізілсе, енді 1989-2000 жыл аралығында Комиссия қайтадан жыл сайын сессия өткізетін болған.

Басынан бастап үкіметтік емес ұйымдарда болған бақылаушылар Адам құқықтары жөніндегі Комиссияда да белсенді рөл атқарды.

1947-1948 жылғы бірінші жиналыста, Комиссия жұмыс бағдарламасын құрастырып, басты көңілді тұрмыстағы әйелдер жағдайына, саяси құқықтар мен неке құру келісіміне аударды. Әйелдер құқықтары жөніндегі комиссия ұсынған бұл келісімді 5 тамызда 1947 жылы ЭКОСОС құптаған болатын.

³ Токаев К. К. Организация Объединенных Наций: полвека служения миру.- Алматы: Атамұра, 1995.

Жеке қарым-қатынастар, құпия әрекеттер адам құқықтары жөніндегі комиссияға өте ұқсас еді. Адам құқықтары жөніндегі комиссияның шешімінен айырмашылығы Әйелдер құқықтары жөніндегі комиссия бұл жөнінде «билік жоқ» екендігін жоққа шығарды.

1946 жылы Кеңес Адам құқықтары жөніндегі Комиссияға жеке түрде аз ұлттарды қорғау және жікшіліктің алдын алу жөніндегі бөлімшелер құруға рұқсат еткенімен, жан-жақты талқылаулардан кейін бұл екі қызмет өте бір-біріне жақын деп шешті. Осыған байланысты, 1947 жылы қаңтар-ақпан айларындағы 1-ші сессияда, Комиссия осы екі қызметті бірден атқаратын ұйым құруға дауыс береді. Ол кейін Кеңес жағынан бекітіледі.

1949 жылы 5-сессияда қабылданған Комиссия тұжырымы бойынша, Комиссияның қызметі төмендегідей болып шешіледі:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының негізінде жан-жақты қарастыруға әрекет жасау, Адам құқығы жайлы Комиссияға негізгі еркіндігі адам құқықтарының ұлттық, діни және тілге қатысты азшылыққа байланысты жікшіліктің алдын алу жөнінде ұсыныс жасау.
- ЭКОСОС немесе Адам құқықтары жөніндегі Комиссия тапсырған қандай да болмасын қызметті атқару.

Комиссия мен Кеңес ие болған шексіз көлемдегі өкілдік, субкомиссиялардың жікшілдікке және аз ұлттарға қатысты өкілеттілігін кеңейтті. Соңғы он жылда, субкомиссия жылына 1 рет жиналып, Комиссияға баяндама береді. Субкомиссияның мүшелері (басында 12, қазір 16) жеке мемлекет өкілдері ретінде емес, жеке қабілеттеріне байланысты сайланады. Соған қарамастан, мемлекеттер өз өкілдерін ұсынады, оларды таңдап алу ерекше ережелерге сүйеніледі (жағрафиялық өкілеттілік).

Бұл үкіметтік емес мүшелік – субкомиссиялардың бұған дейінгі қаралған басқа адам құқықтары жөніндегі ұйымдардан ерекшелігі. Ол көп уақытқа дейін осындай ұйым ретінде БҰҰ көлемінде жалғыз болды. Алғашқы кездердегі Адам құқы жөніндегі Комиссияны, сондай-ақ әйелдер жағдайы жөніндегі Комиссияны үкіметтік емес ұйым ретінде құру талпынысы ерте кезеңде-ақ іске аспады. Үкіметтік емес ұйымдар субкомиссия жұмысында кеңесші ретінде қатысуға құқылы болды және бұл ұйымдар ішкі ықпалдарын кеңейте түсті.

Баспасөз және ақпарат еркіндігі жөніндегі субкомиссия 1947 жылы құрылып, қатарында 12 мүшесі болды. Баспасөз және ақпарат саласында этика кодексі құрылғаннан соң, ол 1952 жылы таратылды.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясын жарыққа шығаруда игілікті әсер еткен жағдай, оны дайындауда көрнекті жеке тұлғалардың да ат салысуы. Олардың ішінде басты рөл атқарған Комиссияның көрнекті мүшелері Элеонора Рузвельт (АҚШ), П.Ч.Чан (Қытай), Чарльз Малик (Ливан), Рене Кассэн (Франция), және де Комиссияның жұмысына елеулі көмек берген Джон Хамфри (Канада заң қызметкері, БҰҰ хатшылығының жаңадан құрылған адам құқықтары бөлімінің директоры) болды.

Қолда бар деректерге сүйенетін болсақ, Элеонора Рузвельт осы құжатты дайындау барысында өзінің ой-пікірлерінің тәуелсіздігімен айқындалды. «Шын мәнінде саясатты айқындаған Рузвельт ханым болды» деп жазады Джозеф Лэш өзінің «Элеонора: годы одиночества» кітабында. Бұл ханымның сол кездегі бүкіл әлемге жайылған беделі, комиссия мүшелері жағынан бірауыздан Элеонора Рузвельтті Комиссия төрайымы етіп сайлауға итермелеген сияқты.

Ал Комиссияда негізгі баяндамашы рөлін атқарған Чарльз Малик құжаттың қорытынды жобасын тиянақтағанымен ерекшеленеді. Қызметтестер ішінде оның да беделі өте жоғары болып, құжатқа терең мән беруде басты қозғаушы күш ретінде болғандай. Жалпыға бірдей декларацияның мәтінін дайындауда ол үкіметтік емес ұйымдардың кең көлемде қатысуына қолдау көрсетіп, «тың ойлар мен ұсыныстар беру мақсатында, оларды бейресми кеңесшілер» ретінде болуы мүмкін деп ұсынған болатын. Адам құқықтарына қатысты декларация тым аймақтық мәндегі көзқарасты құрамау үшін, азиялық елдердің

ой-пікірін жеткізуші екі орынбасардың бірі қытайлық П.Ч. Чан болды. Оның айтуынша «декларацияда Фома Аквинскийдің идеяларымен қатар Конфуций идеялары да көрініс табуға тиіс». Сонымен қатар оның сұхбат-талас барысында көптеген тұйыққа тірелген жағдайдың шешімін табудағы еңбегін мойындау керек.

Жобаны құрастыруда Комиссия мен комитеттерге БҰҰ-ның Хатшылығы Джон Хамфри арқылы қолдау көрсеткен. Ол бұл үрдіске әржақты үлес қосты, нақтылы айтатын болсақ, Хамфри 408 беттік Декларация жобасы-нобайының авторы. Бұл құжат Декларация жобасын құрастыру сатысында баға жетпес көмек жасағаны белгілі.

Ал Комиссия төрағасының екінші орынбасары Рене Кассэн декларацияның алғашқы толық жобасын құрастырған болатын. Кейін ол қорытынды құжатта елеулі бөлімді құрады. Үкіметтік емес ұйымдардың Декларацияны дайындауға қатысуын бағалай келіп, ол «үкіметтік емес ұйымдар Декларация парықтарын өздерінің баспа құралдарында, мақалаларында, көптеген мәжілістердегі сөздерінде алғашқы болып кең көлемде талқылағандар болды»-дейді.

Халықаралық құқық саласы шегінде дүние жүзі қауымдастығының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы мүмкіндігін соңғы жылдардың ең бір үздік әлемдік жетістіктердің бірі деп қарастыруға болады.

Мәселен әмбебап сипаттағы көпжақты келісімдер, аймақтық келісімдер, екіжақты келісімдер халықаралық әдет-ғұрыптар адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша тікелей немесе жанама мамандандырылған халықаралық ұйымдардың шешімдері халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылуда.

Бүгінгі күні халықаралық іс қағаздарда белгіленген адам құқықтары каталогы ұзақ тарихи қалыптасудың эталондары мен стандарттардың нәтижесі болып, қазіргі демократияның нормасы ретінде қалыптаса бастады деуге болады. Барлық кездерде тұлға мен билік арасындағы қарым-қатынастардың реттеу әдістері мыңдаған жылдар бойы назарда болып келгені белгілі. Мәселен, қоғамдық прогресс пен адамзаттың әлемдік қауымдыстығының дамуы және олардың бостандық жолында мемлекеттің тұтас билігін тежеу талпынысы, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өктемдік іс-әрекетінен адамдарды сақтау және тұлғаға барынша өз тағдырын өзі шешуге кең түрдік беру айқын көріне бастады.

Әрбір адам туылғанынан бастап белгілі бір мөлшердегі (материалдық және рухани) ажыратылмас құқықтарға ие, ол құқықтарды қамтамасыз ету үшін қоғам мен мемлекет жәрдемдесуі тиіс. Әрқашан да бұл игіліктердің мөлшері материалдық өндіріс жүйесінде тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік құрылымында алатын орнымен анықталады. Қоғам дамуының әр сатыларындағы күрт өзгерістер, өркениет өзгешелігі, формальды теңдік қағидасына негізделген адам құқықтарына қазіргідей жан-жақтылық белгісін берген жоқ.

Дегенмен 5-6-ғасырларда ежелгі полюстерде демократия идеясы мен азаматтық қағидалары алғаш рет дүниеге келген жерде (Афины, Рим) адам құқықтары тұжырымдамасының пайда болуы прогресс пен бостандық жолындағы үлкен қозғалыс болды.

Ежелгі полюсте азаматтық пен саяси құқықтар байланысты болды: бостандық, мемлекеттік істерді шешуге арналған құқық, әділеттілікті орнатуға қатысу құқығы және т.б. Сонымен қатар, мұндай құқықтарды қара жұмыспен айналыспаған адам ғана иеленеді.

Адамдар құқықтардың кейбір мемлекеттерде шектеулі болатындығына қарамастан, мұндай институт барлық кезде қоғам мен мемлекеттің өркениеті жолмен тұрақты дамуына толық оң ықпал жасайтындығы сөзсіз. Енді жалпы адам құқықтары мен оны қорғаудың тарихи қалыптасу мен даму кезеңдеріне қатысты бірер мәселелерге тоқталып өтелік. Мәселен сонау ертеректе заңдылыққа ерекше көңіл бөлігені белгілі, мысалы азаматтық және адам құқықтары туралы ұғым, әр азаматтың полюске деген қамқорлығы сол кездің өзінде теория жүзінде пайда бола бастағаны белгі (Платон, Сократ,

Аристотель, Перикл және басқалар). Кейіннен қоғамның дамудың келесі кезеңдері адам құқықтары мен заңның үстемділігінің бір-бірімен тығыз байланысты екендігі айқындала бастады. Бұл ежелгі ойшылдардың мемлекеттік, бостандық және ізгілік бағытындағы қарқынды дамуының басты белгісі бола бастады деуге болады. Тарихи дамудың баспалдағы адам құқықтарына жаңа қасиет бере отырып, ол субъектілердің жаңа топтарына таратылды. Әриен бұл таптардың, сословиелердің өз құқықтары үшін, бостандықтары үшін әрі олардың өздерінің баюы үшін болған күрес екендігі айтпаса да түсінікті.

Гуманистік игіліктің алтын қорына енген адам құқықтары тұңғыш рет Ұлы бостандық хартиясында (1215 ж.) мазмұндалып, ағылшындардың құқықтар туралы билльмен (1689 ж.), Егемендік декларациясымен (1776 ж.), американдықтардың Құқықтар туралы билльмен және адам мен азаматтардың құқықтары декларациясымен дамытылды⁴. Бұл игіліктердің генезисін көре тұра, адамдардың табиғи құқықтарын оқып зерттеуге талпыныс берген ежелгі гректердің философиясын, әлеуметтік әділдік пен тендіктің жорамалдарын қозғаған реформация мен білімпаздықтың кезеңіндегі постулаттарды, әрине еске түсірмеуге болмайды.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы өзінің қаулы-қарарларында нақтылы мәселелердің шешімін табуда үкіметтік емес ұйымдардың қолғабыс көрсетуін сұрайды. Соңғы онжылдықтарда іс жүзінде ұлттық, сондай-ақ халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды ірі халықаралық конференциялар өткізу жұмыстарына тартып, қаралатын мәселе бойынша жұртшылықтың көзқарастарын жеткізуге мүмкіндік беруде. Бұған жоғарыда айтылған конференциялар кезінде қатысқан жүздеген үкіметтік емес ұйымдардың істері дәлел.

Көптеген мемлекеттер басынан-ақ үкіметтік емес ұйымдардың БҰҰ-ның мәжілістерінде қандай да мәселе бойынша талқылау кезінде өз ретінде тигізетін пайдасының зор екендігін түсінді. Тек өкінішке орай Кеңестер Одағы мен басқа да социалистік бағытта болған мемлекеттер үкіметтік емес ұйымдардың мүмкіндіктерін елегісі келмеді. Сірә олар жариялықтан қашып, БҰҰ-ның комиттері мен комиссияларында үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне шектеулік қоюды бірнеше рет мәлімдеді. 1977 жылы Кеңестер Одағы Чили және Аргентинамен бірге ЭКОСОС-та Адам құқықтары жөніндегі халықаралық лигаға қарсы болды. Басты себеп осының алдына ғана Лига Мәскеуде астыртын құрылған Адам құқықтары жөніндегі комитетті қолдап, оны өзінің бөлімшесі деп қарауы еді. Кейбір социалистік елдердің үкіметтік емес ұйымдары үкіметтің ықпалынан шыға алмай, солармен ымыралас болды. Кейін келе бұл ұйымдарда ЭКОСОС-тағы өздерінің орындарынан айырылып қалды.

БҰҰ құрылғаннан бастап өзінің қызметінде белгілеген мақсаттары адам құқықтарын қорғау саласындағы ең маңыздылардың бірі болып табылады. Ал үкіметтік емес ұйымдарға келетін болсақ, бұл жүйеде олар өз орындарын өздері айқындады. Сөйтіп, адам құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның Комиссиясының хаттамасында былай деп көрсетілген: «БҰҰ-ның Жарғысының ережесі, нақты оның 68-бабы (бапқа сәйкес ЭКОСОС адам құқықтарын қорғауға байланысты қажетті мекемелер құруға өкілетті)-үкіметтік емес ұйымдар мен жеке тұлғалардың Сан-Францискиде қол жеткізген жетістігі».30-дан астам үкіметтік ұйымдар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының мәтінін жазуға қатысты. Олар Адам құқықтары жөніндегі комиссиясымен ынтымақтаса отырып, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының тапсыруымен Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіні және Экономикалық және мәдени құқықтар туралы пактіні дайындауға көмектесті.

Бүгінгі күні ешкім де үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын жоққа шығармайды. Бұл жөнінде 1993 жылы Венадағы адам құқықтары жөніндегі Бүкіләлемдік конференцияда қабылданған декларацияда былай деп айтылған: «Адам құқықтары

⁴ Адам құқықтары туралы халықаралық актілер. Құжаттар жинағы. М. 1998.

саласындағы өлшемді орнатудағы мемлекеттердің жауапкершілігін мойындай отырып, конференция осы саладағы үкіметтік емес ұйымдардың үлесін жоғары бағалайды».

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған БҰҰ-ның 47-ші конференциясында БҰҰ-ның Бас Хатшысы өз сөзінде үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық статусының өсіп отырғанын атап өтті.

1994 жылғы 20-22 қыркүйекте БҰҰ-ның штаб пәтерінде өткен конференцияда БҰҰ-ның Бас Хатшысы үкіметтік емес ұйымдардың 1400-ден астам өкілдеріне арнап сөйлеген сөзінде: «Осы ғимаратты сіздер де өз айтылған жағдайда, көпшіліктің түсінбеушілігін туғызатын еді, өйткені БҰҰ тек қана егеменді мемлекеттердің форумы ретінде қабылданылып келді. Ал енді қазір үкіметтік емес ұйымдар халықаралық өмірдің толыққанды қатысушылары болып есептеледі».

Іс жүзінде бүгінгі қабылданған адам құқықтары жөніндегі барлық конвенциялар үкіметтік емес ұйымдардың белсенді қатысуымен дайындалып, қабылданған болатын. Солардың ішінде 1959 жылы қабылданған «Балалар құқықтары Декларациясын», 1989 жылы қабылданған «Балалар құқықтары Конвенциясын» дайындауға ынталандырушы болған да үкіметтік емес ұйымдар еді. Балалар құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық үлгінің негізгі бес парқын қарауға сонау Ұлттар Лигасының балалар үкіметтік емес ұйымы-Балаларды қорғау қорының халықаралық одағы ұсынған болатын.

Бірнеше үкіметтік емес ұйымдардың, нақтылы айтқанда, Нобель сыйлығының жүлдегері, атақты құқық қорғау ұйымы – Халықаралық амнистияның тұтқын-қамаудағыларды қинап-азаптауға қарсы науқаны осы салада «Қинап-азаптауға және басқада аяусыз, адамкөргісіз немесе ар-намысын қорлап жазалауға қарсы Конвенциясын» қабылдаумен аяқталады.

135 үкіметтік емес ұйымдар тұрғылықты халықтардың құқықтарын қорғауға байланысты халықаралық құжаттарды дайындауда қандайда бір мөлшерде оң ықпал жасайды.

Әлбетте осы үкіметтік емес ұйымдардың ішіндегі ең белсенділерінің бірі бұл әйелдер ұйымдары болып табылады. Олардың қатысуымен БҰҰ-да әйел теңдігі жөніндегі мақсатқа жетуде алғашқы қадамдар жасады. 1979 жылы желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған «Әйелдерге қатысты жікшілдіктің барлық түрлерін жою жөніндегі Конвенция»-Әйелдер тұрмысы жөніндегі Комиссияның, әр түрлі жұмысшы топтарының, сонымен бірге Бас Ассамблеяның тәуелсіз әйелдер ұйымдарымен жасасқан ынтымақтастығының нәтижесі.

Ал енді БҰҰ шеңберінде мүше мемлекеттермен және үкіметті емес ұйымдардың ат салысуымен адам құқықтары жөніндегі басты құжат «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» қандай жағдайда қабылданғанына байланысты, жеке бөлімде тоқталған дұрыс деп ойлаймын.

Жоғарыда көрсетілгендей, БҰҰ Жарғысына сәйкес халықаралық ынтымақтастық пен қауіпсіздікті сақтау үшін жауапты орган БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі болып табылады. Сондықтан біржақты шараларды қабылдағанда, Қауіпсіздік кеңесінің пікірін айналып өту қауіпсіздіктің ортақ жүйесін, әлемдегі қалыптасқан тәртіпті бұзады және халықаралық қатынаста анархияға әкеледі. Жоғары мақсатты “ынтымақтастық пен қауіпсіздік”, “демократия”, “әділдік” түсініктері ретінде берілгендер қатаң сақталынатын құқықтық мәнге ие емес және оған қиянат жасау үшін тым ашық.

Қазіргі халықаралық құқық күш қолдану мүмкіндігіне нақты критерийлер бекітті. Күшті тек БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі шешімі бойынша қолданады, егер халықаралық тәжірибеде, халықаралық өмір тәжірибесінде превентивті күш қолдану қағидасы бекітілетін болса, онда кез-келген мемлекет өзінің ұлттық мүддесін қорғау мақсатында қозғалыстар жасау құқығын мәлімдеуіне болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995.

2. ООН S/PV 2982 от 5 апреля 1991 г.
3. Предварительный отчет 4734 заседания Совета Безопасности ООН, от 4 апреля 2003 г.
4. Scheffer D.J. Towards Modern Doctrine or Humanitarian intervention. The University of Toledo Law Review, 1992. 253-293-беттер.
5. Соколов В.А. Модели правового поведения государств и регулятивные свойства норм международного права // Московский журнал международного права. №1, 2003. 10-бет.
6. M. Torelli, loc. cit.n. 3. Also R. Dumas, La France et le droit d'ingérence humanitaire, Relations internationales et stratégiques, 57-бет.
7. W.D. Vervey, loc.cit., n.9; T.Schweisfurth, Operations to Rescue Nationals in Third States Involving the Use of Force in Relation to the Protection of Human Rights, 23 German Yearbook of international Law, 159-бет.
8. Шелтон Д. Средства защиты прав человека в международном праве // Государство и право. №3, 2004. 152-бет.

Аннотация: Основоположителем принципа наглядности, давшим его обоснование, мы считаем чешского педагога Яна Амоса Коменского. Я.А. Коменский дал определение наглядности, которое называют «Золотым правилом дидактики». Именно оно послужило началом одного из важнейших путей развития школы, явилось первой ступенью для многих педагогических исследований. Он отмечал: «... все, что только можно, представлять для восприятия чувствами». В настоящее время в психолого-педагогической и методической литературе наблюдается разнообразие подходов и трактовок наглядного обучения, наглядности, видов наглядности, классификации средств наглядности.

В научной литературе и практике слово «наглядность» употребляется в трех смыслах. Во-первых оно означает некоторый объект (средство наглядности), во-вторых, некоторое свойство (наглядность реальных предметов, явлений, мышления), в-третьих, определенную деятельность человека (восприятие средств наглядности, использование их). В связи с многозначностью термина встречаем разные его определения. В педагогическом словаре дается следующее определение: «наглядность – дидактический принцип, согласно которому обучение строится на конкретных образах, непосредственно воспринимаемых учениками».

В этой статье мы рассматриваем понятие наглядного обучения в учебном процессе. Наглядность, вероятно появилась вместе с возникновением человеческого общества, вместе с потребностью передачи информации об отсутствующем на данный момент предмете или явлениях. Об этом говорят дошедшие до нас наскальные рисунки. Наглядное обучение возникло, по всей видимости, вместе с первыми школами. Проблема научности и доступности, сознательности и активности ставит перед учителем вопрос об отыскании на практике активных методов формирования и организации учебной познавательной деятельности. Один из путей решения этой проблемы - сделать обучение наглядным по геометрии. Для осуществления выше сказанного перед преподавателями стоит вопрос нужно улучшить качество преподавания, эффективное и наглядное применение средств интерактивной доски на уроках.

Abstract: One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2020 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies.

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching mathematics. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of mathematics resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

Education – a complex pedagogical process, joint activity of learners and trained, teacher and pupil. Education must be not reduced to conveying and acquiring formulated the rules, formula, theorems. This is active creative searching from the direction of teacher and from the direction of pupil. The task of the teacher consists in that in the process of conveying of the knowledge to teach the pupil to active forms of the teaching, leading to independent gaining the knowledge. The task of the pupil – master knowledge system, to solve independently creative tasks. The scientific problem and accessibility, consciousness and activities puts before teacher question about finding active methods of the shaping and organizations to scholastic cognitive activity in practice. One of the ways of the decision of this problem – do demonstrative teaching.

For realization above said before teacher stands the question is it necessary to perfect, the quality a

teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school. In this article we consider the notion of the visual teaching. The visual aid probably appeared together with origin of human society, together with the need of the transmission to information on being absent at the present moment subject or phenomena. (The past speak About this before us stone drawings). Visual teaching appeared, to all appearances, together with the first school. The founder of the principle of visuality, who set the basis we consider the Czech teacher Yana Amosa Komenskogo. YA.A. Komenskiy gave the definition of visuality, which is called "Golden rule of the didactics". Exactly it has served the beginning of one of the most important ways of the development of the school, was a first step for many pedagogical researches. He noted: "...all that only possible, to present for perception feeling". Students will get to know the surrounding world by means of all organs of feeling. The main channels of the reception of information are auditory and visual analyzers. The system "ear-brain" can skip 50 bits of information at second. With beginning of the industrial manufacture of computers of the first generations and their appearance in educational institutions appeared the new direction in pedagogy - computer technologies of the education. In modern methods (the methods of teaching mathematics) must develop the methods of using computer technology education at the mathematics lesson as the complex of education facilities.